Сатушы ұйымның кепілдік талонының дұрыс толтырылу маңыздылығына назар аударыңыз! Кепілдік мерзімі сужылытқыштың сатылған күнінен бастап есептеледі.

Сатушының өкілінің қатысуымен механикалық зақымдарды (майысу, сызат түсу және т.б.) анықтау үшін, бұйымның сыртқы түрін тексеріңіз**.** Үйде анықталған механикалық ақаулар кепілдікті ақаулар болып табылмайды!

Бұйымды өртке-жарылысқа қауіпті, агрессивті, қышқыл орталы бөлмелерде орнатпаңыз және қоспаңыз.

Жерге қосылмаған сужылытқышты желіге қосуға болмайды!

Аса маңызды тармақтар «Назар аударыңыз!» белгісімен белгіленген.

Осы нұсқаулық **Thermex** сауда маркасының **Auga Wi-Fi** сериясының көлемі 30-дан 100 литрге дейінгі аккумуляциялық электрлік тұрмыстық су жылытқыштарына қатысты. Сіз сатып алған су жылытқышының моделінің толық атауы су жылытқыш корпусындағы сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген.

Жеткізілім жиынтығы

ҚАҚ-ы бар сужылытқыш..... 1 дана
GP үлгілі сақтандырғыш клапан ..... 1 дана
Нығатуға арналған анкер..... 2 дана
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық..... 1 дана
Қаптама ..... 1 дана.

Тағайындалуы

Электрлік сужылытқыш (бұдан әрі мәтін бойынша – ЭСЖ) «Негізгі техникалық сипаттамалар» кестесінде көрсетілген параметрлерге ие, салқын сумен жабдықтау магистралі бар тұрмыстық және өнеркәсіптік объектілерді ыстық сумен қамтамасыз етуге арналған.

ЭСЖ жабық жылытылатын бөлмелерде пайдаланылуы тиіс және үздіксіз ағыс режимінде жұмыс істеуге арналған.

Негізгі техникалық сипаттамалары

Суық су магистралындағы қысым, min/max	**0,05 / 0,7 МПа**
Қоректендіретін электр желісі – бір фазалық, кернеу, жиілік	**230 В~, 50 Гц**
ЭСЖ қуаттылығы	**1500 Вт**
Суық және ыстық суды қосатын келтеқұбырлар ойығының диаметрі	**G1/2**
Сужылытқыштың қорғау сыныбы	**IPX4**
Қоршаған орта температурасы жағдайында жұмыс істеу	**+3...+40 °C**
Суды жылыту температурасын орнату режимдері	**+55 / +65 / +75 °C**
Сақтау режимінде температураны ұстап тұру дәлдігі	**±5 °C**

Дайындаушы алдын ала ескертусіз сужылытқыштың конструкциясы мен сипаттамасына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Дайындалған күнін белгілеу және анықтау тәсілі туралы ақпарат:

Бұйымның шығарылған күні бұйым корпусының астыңғы жағында орналасқан сәйкестендіру тақтайшасында (стикерде) орныққан бірегей сериялық нөмірде кодталған. Бұйымның сериялық нөмірі он үш саннан тұрады. Сериялық нөмірдің үшінші және төртінші сандары – шығарылған жылы, бесінші және алтыншы сандар – шығарылған айы, жетінші және сегізінші сандар – ЭСЖ шығарылған күні.

Қауіпсіздік шаралары нұсқауы

1. **Барлық монтаждау, сантехникалық және электрлік монтаждау жұмыстарын білікті персонал ғана жүргізуі тиіс!**

2. ЭСЖ-ның электр қауіпсіздігі мен тот басуға қарсы қорғалуына қолданыстағы «Электр қондырғыларын рнату ережелеріне» (ЭОЕ) сәйкес орындалған тиімді жерге қосылуы болған жағдайда ғана кепілдік беріледі.

3. **ЭСЖ МОНТАЖДАУ МЕН ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕ:**

- **Егер ЭСЖ суға толтырылмаған болса, электр қорегін қосуға;**
- **электр қорегі қосулы кезінде қорға қақпақшасын алып тастауға;**
- **жерге қосылмаған ЭСЖ пайдалану немесе жерге қосу ретінде су құбырларын пайдалануға;**
- **қысымы 0,7 МПа-дан жоғары су құбыры желісіне ЭСЖ-ны қосуға. Егер су құбыры магистралінде қысым 0,7 МПа-дан жоғарыласа немесе тұрақты болмаса және мерзім сайын 0,7 МПа-дан асатын болса, онда ЭСЖ-ға суық су кіретін жерде, сақтандырғыш клапанның алдында (су жылжуына қарай) суық су қысымын нормаға дейін төмендету үшін тиісті редукциялық клапан (ЭСЖ жеткізу жиынтығына кірмейді) орнату керек. ЭСЖ және сақтандырғыш клапанның арасына редукциялық клапанды орнатуға;**
- **сақтандырғыш клапанынсыз су құбырына ЭСЖ қосуға;**
- **электр қорегі қосулы кезінде ЭСЖ-дан суды ағызуға;**
- **өндіруші ұсынбаған қосалқы бөлшектерді пайдалануға;**
- **тамақ дайындау үшін ЭСЖ-дан суды пайдалануға;**
- **ЭСЖ және сақтандырғыш клапанның жұмысының бұзылуына әкелуі мүмкін механикалық қоспалары бар (құм, ұсақ тастар) суды пайдалануға;**
- **кіргізу және шығару шұралары (келтеқұбарлыры) жабық ЭСЖ-ны қосуға және пайдалануға.**
- **ЭСЖ кронштейндерінің конструкциялары мен орнату өлшемдерін өзгертуге тыйым салынады;**

4. Аспапта судың қатып қалуына жол беруге болмайды, бұл оның істен шығуына әкеледі, мұның өзі кепілдікті жағдай болып табылмайды.

5. ЭСЖ дене, сезіну немесе жүйке қабілеттері шектелген адамдардың, сондай-ақ ЭСЖ қауіпсіздігіне жауап беретін адамдардың бақылауымен немесе нұсқаулығына сәйкес жүргізілген жағдайды қоспағанда, ЭСЖ-ны пайдалана алмайтын адамдардың пайдалануына арналмаған. Балалар ЭСЖ-ны оны қауіпсіз пайдалана алатын адамдардың қадағалауымен ғана пайдалана алды. Әрқашан сумен жидіту және электр тогынан зақымдану қаупі бар екенін есте сақтау қажет.

6. Сатып алушы осы тараудың 1 – 4 тармақтарын орындамаған жағдайда, өндірушінің кепілдігі күшін жояды.

7. 1 тәуліктен астам уақыт қадағалау болмағанда, ЭСЖ-ны электр желісіне қосулы күйінде қалдыруға тыйым салынады.

Сипаттамасы және жұмыс істеу қағидаты

ЭЖС корпустан, басқару панелінен, қыздырғыш элементтен, электрондық термостаттан, сақтандырғыш клапаннан тұрады.

ЭЖС корпусының ішінде экологиялық таза пенополиуретанмен жылу оқшауланған болат бағы орналастырылған. Екі бұрандалы келтеқұбыр сумен қамту жүйесіне қосуға арналған: көк сақинасы бар келтеқұбыр – суық су беруге арналған, ал қызыл сақинасы бар келтеқұбыр – ыстық суды шығаруға. Ішкі бактың ішкі бет үстін химиялық жегідеден сенімді қорғайтын арнайы шыны фарфор жабыны бар.

Ішкі бактың алынбалы еренмегінде (**3**) **1-сур.** жинастырылған: қыздырғыш элемент (ҚЭҚ) (**7**), электрондық термостат (**8**) және магнийлік анод (**9**). ҚЭҚ суды қыздыруға арналған, ал термостат келесі режимдерде температураны реттеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді: «Eco» +55°C, «Optimal» +65°C, «Turbo» +75°C (±5°C). Магнийлік анод электрмехникалық жемірілудің ішкі бакқа әсерін бейтараптандыруға арналған.

Ішкі бакта суды қыздыру режимін таңдау су жылытқыш корпусында орналасқан басқару панелінің көмегімен жүзеге асырылады. Сонымен қатар Wi-Fi желісінің көмегімен «Thermex Home» қосымшасы арқылы температураны және ЭСЖ-ның жұмыс аралығын нақты таңшеуді жүргізуге болады. Термостат сонымен қатар термиялық сөндіргішті - ЭСЖ-ні қызып кетуден қорғау құрылғысын қамтиды, ол су температурасы 95°C-ден (±5°C) асқанда ҚЭҚ-ты желіден ажыратады. Пайдалану барысында ЭСЖ корпусы қызуы мүмкін. Су жылытқышы термоқорғанышының іске қосылуы ақаулық болып табылмайды. Су жылытқышты жұмыс қалпына қайтару ЭЖС қорғаныш қақпағының (**3-сур.**) астында орналасқан термосөндіргіштің соташығына басу жолымен жүзеге асырылады.

Сақтандырғыш клапан суқұбыр желісінде қысым төмендеген жағдайда су жылытқышынан суқұбыр желісіне судың түсуіне жол бермей, кері клапанның функциясын атқарады, ал суды қыздырғанда бакта қысым жоғарлаған жағдайларда ЭЖС-ғы қысымды желімен теңдестіру үшін судың ағуын қамтамасыз етеді. Сақтандырғыш клапанның екінші функциясы - су қатты қызғанда және максималды рұқсат етілген қысымнан асып кеткенде дренаждық арна арқылы артық қысымды арылту.

ЭСЖ электр баусымында электр аспаптың жерге тұйықталған элементтеріне ток шығып кетуі пайда болғанда ЭСЖ-ның электр қуаттандыру желісінен ажыратылуын қамтамасыз ететін қорғаныш сөндіру құрылғысы құрастырылған.

Орналастыру және орнату

Құбырларды жылу шығынын азайту үшін, ЭСЖ-ны ыстық су пайдаланылатын орынға барынша жақын етіп орнату керек.

Монтаждау орнын таңдау кезінде, сумен толтырылған ЭСЖ-ның жалпы салмағын ескеру қажет. Қабырғаны және жүк көтерімділігі аз еденді сәйкес түрде нығайту керек. Қабырғаға саңылауларды бұрғылағанда (орындағанда), оған кіретін кабельдерді, арналар мен құбырларды ескеру қажет. ЭСЖ кронштейннің корпусына қабырғаға бекітілетін анкерлердің ілмегіне ілінеді.

Дұрыс орнатылмауына байланысты ЭСЖ құлауына өндіруші жауап бермейді.

Қабырғаға ілмектерді монтаждау ол бойынша ЭСЖ кронштейндерін өз бетінше жылжуын болдырмауға тиіс. ЭСЖ-ға қызмет көрсету үшін, қорғау қақпағынан жақын тұрған беткейге дейінгі қашықтық алмалы-салмалы ернемектің өсі бағытында кемінде 0,5 метр болуы тиіс.

Ыстық сумен жабдықтау жүйесі бұзылған жағдайда, тұтынушының және (немесе) үшінші тұлғалардың мүлкіне зиян келтіруді болдырмау үшін, ендердің гидроқшауларына және кәріз жүйесінің дренаж монтаждау қажет, ешқашан ЭСЖ астына су әсеріне ұшыраған заттарды орналастыруға болмайды. Қорғалмаған бөлмелерге орналастырғна жағдайда, ЭСЖ астына кәріз дренажы бар қорғау түпқоймасын (ЭСЖ жеткізу жиынтығына кірмейді) орнату керек.

ЭСЖ техникалық және кепілді қызмет көрсету үшін қолжетімділігі қиын орындарда орналастырылған жағдайда (антресоль, қуыс, төбеаралық кеңістік және т.б.), ЭСЖ монтаждау және бөлшектеуді тұтынушы өз бетінше немесе оның есебінен өткізеді.

Су құбырына қосу

ЭСЖ-на суық суды тазарту деңгейі 200 мкм-дан кем емес суды алдын ала тазарту сүзгісін пайдалана отырып, беру керек.

Сақтандырғыш клапанды (**14**) **1-сур.** суық су кірісінде (**18**) – қосылыс саңылаусыздығын кез келген тығыздағыш материалмен (зығырмен, ФТМ таспамен және басқ.) қамтамасыз ете отырып, 3,5 – 4 айналымға көк сақинасы бар келтеқұбырға орнату керек.

Су жылытқыш жұмыс істеп тұрған кезде артық қысымды арылту үшін сақтандырғыш клапанның шығару құбырынан су өтіп кетуі мүмкін, бұл су жылытқыш қауіпсіздігі мақсатында орын алады. Шығару құбыры атмосфера үшін ашық қалуы және үнемі төмен қарай бағытталған болуы керек. Ылғал шығару үшін дренаждық тесікке тиісті диаметрлі резеңке немесе силикондыт түтікшені жалғастыру ұсынылады. Әкті тұнбаны кетіру үшін және клапанның жұмысқа жарамдылығын тексеру үшін судың азғантай мөлшерін сақтандырғыш клапанның шығару құбыры арқылы үнемі (кем дегенде айына бір рет) ағызып отыру керек.

Тұтқасы (**15**) клапанды (**16**) ашуға арналған. Су жылытқыш жұмыс істеп тұрған кезде осы тұтқа судың бактан ағызылуын жауып тұратын жайғасымда болғанын қадағалап отыру керек.

Суқұбыр желісіне қосу (**1-сур.**) максималды жұмыс қысымда 100°С-ден төмен емес температураға есептелген мыс, пластмасса құбырлардың немесе арнайы иілгіш сантехникалық жеткізгіштің көмегімен жүргізіледі. Пайдалануда болған иілгіш жеткізгішті қолдануға тыйым салынады. Сантехникалық жеткізгіш және бекіту арматурасы су құбыры желісінің параметрлеріне сәйкес болуы және қажетті сапа сертификаттары болуы керек. Монтаждағанда келтеқұбырларды, ішкі бактың шыныфарфор жабынының бұзылуына жол бермеу үшін артық күш салуға болмайды.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ЭСЖ-ны сақтандырғыш клапансыз пайдалануға немесе басқа өндірушілердің клапанын пайдалануға тыйым салынады.

ЭСЖ-ны іске қосқанда ЭСЖ-ғы суық судың бекіткіш шұрасы (**21**) ашық екеніне, ал ыстық судың бекіткіш шұрасы (**22**) жабық екеніне көз жеткізіңіз. ЭСЖ-жан ауаның шығуын қамтамасыз ету үшін ЭСЖ-ғы суық су беретін шүмекті (**19**), ЭСЖ-дан ыстық су шығатын шүмекті (**20**) және араластырғыштағы ыстық су шүмегін ашыңыз. ЭСЖ-ны соңғы толтырғанда араластырғыштың шүмегінен су үздіксіз ағынмен ағады. Араластырғыштағы ыстық су шүмегін жабыңыз, ернемекті ағып кетуге тексеріңіз және қажет болса, бұрандамаларды тартып бұраңыз.

ЭСЖ-ны суқұбырымен жабыдықталмаған жерлерде қосқанда сорап станциясын пайдалана отырып, ЭСЖ-ға суды қосымша сыйымдылықтан немесе ЭСЖ-ның жоғарғы нүктесінен кем дегенде 5 мтер биіктікте жайғасытырылған сыйымдылықтан беруге болады.

Электр желісіне қосу

Суэылытқышты электр желісіне қосу алдында, оның параметрлерінің сужылытқыштың техникалық сипаттамаларына сәйкес келуіне көз жеткізіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Электр қорегін қосу алдында, ЭСЖ-ның сумен толтырылғанына көз жеткізіңіз!

Сужылытқыш өзінің қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жерге қосылуы тиіс.

ЭЖС еуроашасы бар электр қуатының желілік баусымымен және ҚСҚ-мен жабдықталған. Электр розеткасында жерге тұйықтау сымы жеткізілген сымы бар түсйіспесі болуы керек және ол ылғалдан қорғалған немесе IPX4-тен төмен емес талаптарды қанағаттандыруы керек.

Бірінші рет іске қосқаннан кейін ЭЖС-ға бақылауды қамтамасыз ету маңызды. Параметрлерге (қыздыру, температура, индикация, термостаттың іске қосылмауы) кез келген сәйкессіздігінде сервиз қызметіне жүгіну керек.

Пайдалану

2-сур. Электрондық басқару жүйесі.



1 – LCD дисплей, 2 – қос./сөнд. батырмасы,
3 – «Heating» / қыздыру режимін орнату батырмасы,
4 – қыздыру индикациясының шәкілі.
5 – Wi-Fi желісіне қосылуды индикациялау

Бірнші іске қосу.
Монтаждық жұмыстарды орындағаннан кейін, ЭСЖ-ны суға толтырғаннан кейін ҚСҚ бар желілік сымның ашасын розеткаға қосыңыз. ЭСЖ-ға электр қуатын беру үшін ҚСҚ корпусындағы іске қосу батырмасын басыңыз. Басқару панелі белсендірілетін болады - 2 секундқа барлық индикаторлар жанады, дыбыстық сигналдан кейін дисплейде ағымдағы температура көрсетіледі. ЭСЖ күту режиміне көшеді.

Қыздыру процесін іске қосу үшін батырманы (2) басыңыз – температура индикациясы «75» үш рет жыпылықтайды, «Turbo» (75°C) қыздыру режимі орнатылады және қыздыру процесі басталады.

Қыздыру режимдерін баптау.
«Optimal» (65°C) немесе «Eco» (55°C) режимдерін таңдау үшін «Heating» батырмасын басыңыз, режимдер біртіндеп ауысатын болады. Қыздырудың таңдалған режимін растағанда дисплейде таңдалған параметрлер көрсетіледі, шәкіл және индикция үш рет жыпылықтайды. Әрі қарай ЭСЖ суды таңдалған режимде қыздырады және керекті температураға жеткенде оны тоқтатады. Температура 5°C-ге төмендегенде қыздыру автоматты түрде қайта басталады. Қыздыру режимдері пайдаланушыға ЭСЖ-ны жайлы пайдалануы үшін және электр энергиясын максималды тиімді тұтынуы үшін оңтайлы таңдалған.

Wi-Fi желісіне қосылу.
ЭСЖ Wi-Fi желісне қосылу және мобильді қондырғыдан басқару мүмкіндігімен жабдықталған. Қашықтықтан басқару үшін мобильді қондырғыға Thermex Home қосымшасын орнату және есептік жазбаны құру қажет. Thermex Home қосымшасы Google Play және AppStore-да жүктеу үшін қолжетімді. ЭСЖ-ді мобилді қосымшаға қосар алдында ЭСЖ-нің электр желісіне қосылғанына, сымсыз Wi-Fi желісінің әрекет аймағында екендігіне көз жеткізіңіз.

ЭСЖ-ді мобилді қосымшаға қосу үшін (3) батырманы басу және Wi-Fi индиксациясы жылықтап белгі бергенге дейін 5 секунд бойында ұстап тұру керек. Осыдан кейін Thermex Home қосымшасында «**Құрылғыны қосу**» батырмасын басып, «**Сужылытқыш**» таңдаңыз, іздеу аяқталғаннан кейін – ЭСЖ-нің қажетті моделінің түрін таңдау қажет. Бұдан әрі Thermex Home мобилді қосымшасындағы нұсқаулықты басшылыққа алыңыз. Егер роутерде 5g стандарты болса, 2.4 ГГц жиілігін орнату қажет.

Wi-Fi желісі бойынша сымсыз басқару желісінің жұмысында ақаулықтар орын алған кезде, Wi-Fi желісінің жұмыс істеу қабелітіне, Интернетке қосылғанына, сондай-ақ Thermex Home қосымшасының дұмыс жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізу қажет. Wi-Fi желісінің жұмысындағы ақауларды жою үшін провайдерге өтініш жасаңыз, ал қосымшаның жұмысындағы дәлсіздіктерді жою үшін – **app@thermex.ru** электрондық пошта адресі бойынша мобилді қосымшамен жұмыс жөніндегі техникалық қолдау көрсетуге өтініш жасаңыз.

Wi-Fi-дың индиксациясы жергілікті желіге түйісу/қосылу үшін баяу жыпылықтайды, бұл мына жағдайларда орын алуы мүмкін:
– Егер бұрын қосылмаса алғашқы қосылу кезінде 5 минут бойында. Егер 5 минут өткеннен кейін жергілікті желіге қосылмаса және Wi-Fi-дың индиксациясы аспапты басқару тақтасында жанбаса.
– Wi-Fi-дың басқа желісіне қосылу немесе қайта қосылу процесін қайтадан жүргізу үшін (3) батырманы басып 5 секунд бойында ұстап тұрыңыз, дыбыстық белгі беріліп, Wi-Fi-дың индикациясы қайтадан баяу жыпылықтайды.

Индикация жылдам жыпылықтайды – түйісу режимі қосылған. Wi-Fi желісіне сәтті қосылған кезде индикация жыпылықтауын тоқтатып, тұрақты түрде жанады. Егер құралды Wi-Fi желісіне қосу жоспарланбаса, 5 минут өткеннен кейін индикация өшеді. Егер екінші рет Wi-Fi-дың жергілікті желісіне қосу қосылу қажет болса (2) батырманы басып, 5 секунд бойында ұстап тұрыңыз, индикация белсенді болып, Wi-Fi-дың жергілікті желісіне қосылуды күту кезінде баяу жанатын болады. Егер индикация жанбаса, желіге екінші рет қосылу қажет.

Қосымшамен жұмыс істеу.
Қосымшада пайдаланушыға **Thermex Auga Wi-Fi** сужылытқышын арқылы басқару мүмкіндігі беріледі. ЭСЖ мобилді құрылғымен түйіскеннен кейін Сіз:
- аспапты қоса/өшіре аласыз;
- жылыту режимін таңдауды жүзеге асыра аласыз.
- қажетті жылыту температурасын 30-75°С ауқымында орната аласыз.
- асптаның әрбір күні үшін уақыт бойынша аспап автоматты түрде жұмыс істеу үшін таймерді қоса аласыз.

Таймер функциясы.
Таймер күн ішіндегі сағатты ескере отырып, жабдықтың жұмысын аптаның уақыты бойынша бағдарлауға көмектеседі. «**Таймер**» функциясы аспапты тәулігіне 6-ға дейінгі уақыт аралығында қосуға/өшіруге мүмкіндік береді. Таймер қосымшада теңшеледі, ЭВН-ді басқару тақтасында аталған функцияны теңшеу мүмкін емес.

Таймердің жұмысы келесідей: әрбір аралық үшін қосы/өшіру уақыты мен жылыту температурасын орнатуға болады. Мысалы, дүйсенбі күні ЭСЖ сағат 06.00-де қосылып, 09:00-де өшіріледі және 16:00-де қосылып, 20:00-де өшіріледі. Таймер энергияны пассивті тұтынуды қысқартады және Smart режимінің орнына суды жеке тұтыну кестесіне құрылғыны бейімдеуге көмектеседі.

Энергияға тәуелсіз жад.
Электр энергиясы сөндірілгеннен кейін құрылғының жадында соңғы пайдаланушылық баптаулар сақталады. Іске қосқаннан кейін олар автоматты түрде қалпына келеді.

Қатудан қорғаныш.
Қатудан қорғаныш әдепкі қалпы бойынша іске қосылған және пайдаланушымен реттелмейді. Қатудан қорғанышты сөндіруге болмайды. Ішкі бактағы судың температурасы +5°С-ден төмендегенде ол сөндірілген күйде (2-батырма) және аспап желіге қосылып тұрғанда автоматты түрде белсендіріледі. Су жылытқышы судың +10°С дейін қыздырылуын автоматты түрде іске қосады. Белсендірілген сәтте дисплейде «10» температурасы үш рет жыпылықтайды және қыздыру басталады. Дисплейде ішкі бактағы су температурасының нақты мәндері көрсетіледі. Қатуға қарсы режим пайдаланушы су жылытқышын батырмамен (2) іске қосқанда және таңдалған режимдерінің біреуінде жұмысты баптағанда автоматты түрде сөнеді.

Құрғақ қыздырудан қорғаныш.
ЭСЖ-ны желіге бағы суға толтырылмағанда іске қосқанда қыздырғыш элементі және температура датчигі істен шықпауы үшін қыздыруды басқару жүйесі құрғақ қыздырудан қорғаныш функциясымен жабдықталған. Осы функцияны белсендірген сәтте «**E1**» дисплейде қатесі пайда болады және дыбыстық сигнал естіледі. Қатені арылту үшін ЭСЖ-ны желіден ажыратып, бакты осы Нұсқаулықтың «Сұқұбырға қосу» тарауына сәйкес суға толтыруға шара қолдану және тек осыдан кейін ғана ЭСЖ-ны желіге қайта қосылуын жүргізу керек.

Техникалық қызмет көрсету (ТҚК)

ЭСҚ ұзақ мерзімді жұмысы үшін техникалық қызмет көрсетуді (ТҚК) жыл сайын жүргізу ұсынылады.

THERMEX Auga Wi-Fi сериясындағы магнийлік анод 5 жыл пайдалануға есептелген, осы мерзім аяқталғаннан кейін оны ауыстыру керек.

ТҚК мезгіл-мезгіл жүргізіп отыру ЭСҚ ұзақ мерзімді жұмысы үшін міндетті шарттар болып табылады. Бұл талаптарды орындамау ЭСҚ-ты кепілді қызмет көрсетуден шығару үшін негіз болып табылады. Техникалық қызмет көрсету өндіруші мен сатушының кепілдік міндеттемелеріне кірмейді.

ТҚК жүргізген кезде ТЭҚ-те суқақтың болуы тексеріледі. Сонымен бірге ЭСҚ-тың төменгі бөлігінде жиналуы мүмкін тұнба жойылады. Егер судың құрамында химиялық қоспалардың көп мөлшері болса, қыздыру элементінде көп мөлшер суқақ тұнуы мүмкін. ТЭҚ-те сқақ түзілуі оның істен шығуына әкелуі мүмкін, бұл кепілдік жағдай болып табылмайды және оны ауыстыру өндіруші мен сатушының кепілдік міндеттемелеріне кірмейді.
Егер ТЭҚ-те суқақ түзілсе, онда оны суқақ кетіретін құралдар арқылы немесе механикалық жолмен жоюға болады. ЭСҚ-тан тұнбаны жойған кезде шамадан тыс күш салуға және ішкі бактың қорғаныс жабынын зақымдамау үшін абразивті тазалау құралдарын пайдалануға болмайды.

Бірінші техникалық қызмет көрсетудің маңыздылығы суқақ пен тұнбаның түзілу қарқындылығы бойынша келесі ТҚК жүргізу мерзімін анықтауға, және соның салдарынан ЭСҚ пайдалану мерзімін ұзартуға болатынында тұрады. Жоғарыда аталған талаптар орындалмаған жағдайда ЭСҚ пайдалану мерзімі қысқартылады, ЭСҚ-тың істен шығу ықтималдығы артады және кепілдік міндеттемелердің қолданылуы тоқтатылады.

ТҚК жүргізу және магний анодын ауыстыру үшін мыналарды орындау қажет:

- ЭСҚ электр қуат көзін өшіру;
- Ыстық суды суыту немесе оны араластырғыш арқылы жұмсап тастау;
- ЭСҚ-қа суық судың келіп түсуін жабу;
- Сақтандырғыш клапанды бұрап алу немесе ағызу шұрасын ашу;
- Суық су беру келте құбырына немесе ағызу шұрасына резеңке құбыршекті, оның екінші ұшын кәрізге бағыттап кигізу;
- Араластырғышта ыстық су кранын ашу;
- Суды ЭСҚ-тан суық су беретін келте құбыры немесе ағызу шұрасы арқылы ағызу;
- Қорғағыш қақпақты алып тастау, сымдарды ажырату, корпустан алмалы-салмалы ернемекті бұрап алу және алып тастау;
- Қажет болған жағдайда ТЭҚ-ты суқақтан тазарту және тұнбаны жою;
- Құрастыруды жүргізу, ЭСҚ-ты сумен толтыру және қуат көзіне қосу.

ЭСҚ-қа техникалық қызмет көрсетуді мамандандырылған ұйымның күшімен жүргізу кезінде кепілдік талонында техникалық қызмет көрсетуді жүргізген **ұйымның мөрі басылған тиісті белгі** жасалуы керек.

Ықтимал ақаулықтар және оларды жою тәсілдері

Бұйым жұмысында ақау пайда болған жағдайда, оны электр желісінен ажырату, суды жабу қажет.

Ішкі ақаулық пайда болған жағдайда дисплей экранында осы ақаулықтардың кодтары көрсетіледі:

Коды	Дисплейде қате кодының көрсетілуі	Ықтимал себеп	Жою тәсілі
E1	Дисплейде «**E1**» қатесі үнемі жыпылықтайды; 8-ретті дыбыстық сигналмен сүйемелденеді	Бактың ішінде су жоқ, ал қыздырғыш элементі іске қосылған	Бак суға толы екенінен көз жеткізіңіз. Егер қыздырғыш элементі жанып кеткен болса, сервис орталығына қыздырғыш элементті ауыстыру үшін жүгініңіз
E2	Дисплейде «**E2**» қатесі үнемі жыпылықтайды; 3-ретті дыбыстық сигналмен сүйемелденеді	Термостат ақаулы	Термостатты ауыстыру үшін сервис орталығына жүгініңіз
E4	Дисплейде «**E4**» қатесі үнемі жыпылықтайды; 10-ретті дыбыстық сигналмен сүйемелденеді	Су температурасы 95°С-ден асып кетті, сондықтан термиялық сөндіргіш іске қоыслды	ЭСЖ-ні желіден ажырату, қорғаныш қақпағын шешіп алу, термиялық сөндіргіш батырмасын шертпекке дейін басу, қақпақты орнату және қуат көзін қосу керек

Мүмкін болатын ақаулар кестесі және оларды қалай түзетуге болады.

Ақау	Ықтимал себеп	Жою тәсілі
ЭСЖ-дан ыстық су қысымы азайды. Су қысымы бұрынғыдай	Сақтандырғыш клапанның кіргізу саңылауының бітелуі	Клапанды алып, оны суда жуу керек
Жылыту уақыты ұлғайды	ЭСЖ суқақ қабатымен қапталған	ЭСЖ-ны шығарып алып, оны суқақтан тазалау керек
	Электр желісінде кернеу төмендеді	Электр желісін пайдалану қызметіне жүгіну керек
ЭСЖ жұмысістейді, бірақ су жылытпайды	Шұра **22** (**1-сурет**) жабылмаған немесе істен шыққан	Шұраны **22** жабу немесе ауыстыру керек (**1-сурет**)

Термажыратқыштың жиі іске қосылуы	Термостаттың түтігін суқақ басқан	ЭСЖ-дан алмалы-салмалы ернемекті шығарып алып, түтікті суқақтан мұқият тазалау керек
Электр желісіне қосылған ЭСЖ су жылытпайды. Бақылау шамдарының көмескі жарығы жоқ	Электр желісінде кернеу жоқ	Электр желісін пайдалану қызметіне жүгіну керек
	ҚАҚ іске қосылды (болған жағдайда)	ҚАҚ қайта іске қосу батырмасын басу керек. Кернеуді тексеру қажет
	Термоажыратқыш іске қосылды немесе қосылмады	ЭСЖ-ны желіден ажыратып, қақпағын алып, термоажыратқыштың батырмасын сырт еткенше басып (**3-сурет**), қақпақты орнату және қоректі қосу керек
	Желілік сым зақымдалған	Сервистік орталыққа жүгіну керек

3-сурет. Термоажыратқыш.



Жоғарыда сипатталған ақаулар ЭСЖ ақаулары болып табылмайды және оны тұтынушы өз үшімен немесе өз есебінен мамандандырылған ұйымның күшімен жойылады.

Жоғарыда сипатталған ұсынымдардың көмегімен ақауларды түзету мүмкін болмағанда немесе басқа ақауларды анықтаған жағдайда, пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген сервистік орталыққа жүгіну керек.

Электрлік сужылытқыштарды тасымалдау және сақтау

Электрлік сужылытқыштарды тасымалдау мен сақтау қаптамадаға манипуляциялық белгілерге сәйкес жүзеге асырылады:

1. 2. 3. 4.

1. Жүкті ылғалдан қорғау қажеттілігі;
2. Жүктің нәзіктігі, сақтықпен пайдалану шарты;
3. Жүк сақтаудың ұсынылған температуралық диапазоны: +10°С-ден +20°С-ге дейін;
4. Жүктің дұрыс тік орналасуы;

Дайындаушының кепілдіктері

Дайындаушы сужылытқышқа 2 жыл кепілдік мерзімін белгілейді, бұл жағдайда бұйымның құрамдас бөлшектері мен жиынтық құраушыларының кепілдік мерзімі келесідей:

құрамында су бар сыйымдылық (ішкі бак) – 5 жыл;

басқа құрамдас бөлшектерге (қыздыру элементі, термостат, шам-индикаторлар, нығыздауыш төсемелер, сақтандырғыш клапан) – 2 жыл.

Кепілдік мерзімі ЭСЖ сатылған күннен бастап есептеледі. Сатылған күні және дүкеннің мөрі болмаған немесе түзетілген жағдайда, кепілдік мерзімі ЭСЖ шығарылған күннен бастап есептеледі. Кепілдік мерзімі кезеңіндегі шағымдар сатушы-фирманың белгісі соғылған кепілдік талоны мен ЭСЖ корпусында сәйкестендіру тақтайшасы болған жағдайда қабылданады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Сақтандыру клапаны мен қорек бауының ақауы ЭСЖ-ның жеке ақауы болып табылмайды және ЭСЖ-ны ауыстыруға әкелмейді. Орнату және қосу ережелерін сақтау жауапкершілігі сатып алушыға (өз бетінше қосқан кезде) немесе қосуды іске асырған монтаждау ұйымына жүктеледі .

ЭСЖ-ны орнату мен пайдалану кезінде, тұтынушы кепілдік мерзімі ішінде аспаптың мүдірмей жұмыс істеуін қамтамасыз ететін талаптарды сақтауға міндетті:

- **осы нұсқаулықта жазылған қауіпіздік шараларын және орнату, қосу, пайдалану және қызмет көрсету ережелерін орындау;**
- **ұқыпсыз сақтау, тасымалдау және монтаждаудан механикалық зақым алуын болдырмау;**
- **ЭСЖ-да судың қатып қалуын болдырмау;**
- **ЭСЖ-да жылыту үшін механикалық және химиялық қоспасы жоқ суды пайдалану;**
- **ЭСЖ-ны ЭСЖ жеткізу жиынтығындағы дұрыс жұмыс істейтін сақтандырғыш клапанмен бірге пайдалану.**

Дайындаушы тұтынушының осы нұсқаулықта жазылған ЭСЖ-ны орнату, пайдалану және техникалық қызмет көрсету ережелерін бұзу жағдайында туындаған кемшіліктерге, сондай-ақ осы кемшіліктер ЭСЖ пайдаланылатын рұқсат етілмеген желі параметрлерінен (электрлік және сумен жабдықтау) және үшінші тұлғалардың араласуынан туындаған кемшіліктер үшін жауап бермейді. Өндірушінің кепілдіктері ЭСЖ-ның сыртқы түрі бойынша шағымдарға қолданылмайды.

Кепілдік мерзімі шегінде құрамдас бөлшектерді жөндеу, ауыстыру жалпы ЭСЖ кепілдік мерзімін ұзартпайды, бұл жағдайда ауысырылған және жөнделген жиынтық құраушыларға кепілдік мерзімі ЭСЖ кепілдік мерзімі аяқталған кезде бітеді.

Кәдеге жарату

ЭСЖ орнату, пайдалану және техникалық қызмет көрсету ережелерін сақтау кезінде және пайдаланылатын су сапасының қолданыстағы стандарттарға сәйкес келуі жағдайында, дайындаушы оған ЭСЖ сатып алынған күннен бастап 7 жыл қызмет атқару мерзімін белгілейді. Сужылытқыштың барлық құрамдас бөлшектері қажет болған жағдайда оның экологиялық қауіпсіз кәдеге жаратылуына жол беретін материалдардан дайындалған, кәдеге жарату сужылытқышты пайдаланатын елдің нормалары мен ережелеріне сәйкес өтеді.

Дайындаушы туралы мәліметтер

Дайындаушы:
«HEATING EQUIPMENT» LTD
«Тепловое Оборудование» ЖШҚ
Ресей, 187002, Ленинград облысы, Тосно қ., Мәскеу тас жолы, 44 үй

Барлық модельдер міндетті сертификаттаудан өтті және ТР ТС 004/2011, ТР ТС 020/2011, ТР ЕАЭС 037/2016 Кеден одағының техникалық регламентінің және 2014/35/EU, 2014/30/EU еуропалық директиваларының талаптарына сәйкес келеді. Сәйкестік сертификаты ЕАЭС № RU C-RU.АБ53.В.05547/22.

Қазақстанға импорттаушы, Қазақстанда сатушы, сапасы бойынша наразылықты қабылдаушы ұйымның атауы және орналасқан жері:

«Термекс Сары-Арка» ЖШС
Тел.: 8 (7212) 51 28 89

thermex®

Гарантийные талоны / Warranty certificates / Кепілдік талондары

Отметка о продаже / Note of sale / Сату туралы белгі

Модель / Model / Үлгі

Серийный № / Nr. seriei / Сериялық №

Дата продажи / Date of sale / Сату күні

Фирма-продавец / Dealer / Сатушы фирма

Сервисный центр, указанный фирмой-продавцом / Service center indicated by dealer / Сатушы фирма көрсеткен сервистік орталық

Печать фирмы продавца
Stamp of dealer
Сатушы фирманың мөрі

Подпись покупателя / Customer signature / Сатып алушының қолы

Гарантийные талоны / Warranty certificates / Кепілдік талондары

1. Модель / Model / Үлгі
2. Серийный № / Serial no / Сериялық №
3. Дата продажи / Date of sale / Сату күні /
4. Фирма-продавец / Dealer / Сатушы фирма
5. Печать фирмы-продавца / Stamp of dealer / Сатушы фирманың мөрі
6. Заполняется фирмой-продавцом / Filled in by dealer / Сатушы фирма толтырады

1. Model	
2. Serial No.	
3. Date of sale	
4. Dealer	

5. Stamp of dealer

№ 1 **6.** Filled in by dealer

1. Model	
2. Serial No.	
3. Date of sale	
4. Dealer	

5. Stamp of dealer

№ 2 **6.** Filled in by dealer

1. Model	
2. Serial No.	
3. Date of sale	
4. Dealer	

5. Stamp of dealer

№ 3 **6.** Filled in by dealer

1. Model	
2. Serial No.	
3. Date of sale	
4. Dealer	

5. Stamp of dealer

№ 4 **6.** Filled in by dealer

1. Дата приема / Date of acceptance / Қабылдау күні
2. Дата выдачи / Issue date / Берілетін күні
3. Дефект / Defect / Ақау
4. Выполненная работа / Executed work / Орындалған жұмыс
5. Мастер / Specialist (name) / Шебер (толық аты-жөні)
6. Печать сервисного центра / Stamp of service center / Сервистік орталықтың мөрі
7. Заполняется сервисным центром / Filled in by service center / Сервистік орталықпен толтырылады

1. Date of acceptance	
2. Issue date	
3. Defect	
4. Executed work	
5. Specialist (name)	

6. Stamp of service center

7. Filled in by service center

1. Date of acceptance	
2. Issue date	
3. Defect	
4. Executed work	
5. Specialist (name)	

6. Stamp of service center

7. Filled in by service center

1. Date of acceptance	
2. Issue date	
3. Defect	
4. Executed work	
5. Specialist (name)	

6. Stamp of service center

7. Filled in by service center

1. Date of acceptance	
2. Issue date	
3. Defect	
4. Executed work	
5. Specialist (name)	

6. Stamp of service center

7. Filled in by service center

ТЕХНОЛОГИИ УМНОГО ДОМА

Wi-Fi Motion – новая экосистема вашего дома

Использование подключения Wi-Fi — обязательное требование современной концепции умного дома. Thermex объединяет оборудование, способное взаимодействовать друг с другом и с пользователем. Умный дом — новый шаг в будущее, реализованный вместе с качественным, надежным и современным оборудованием Thermex.

Технология беспроводной связи Wi-Fi Motion

Технология Wi-Fi Motion обеспечивает стабильную многопользовательскую беспроводную связь с устройствами Thermex. С помощью Wi-Fi можно управлять техникой в квартире, офисе, загородном коттедже или на предприятии из любой точки земного шара.

thermex.ru